

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің
№5 Қосымшасы

Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.К. Кенжемұратованың «6D020500 – Филология»
білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Садулова Жайнагуль
Кемаладиновнаның «Қазақстан Республикасында көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері (батыс
өңірі материалдары негізінде)» атты тақырыпта жазған диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарына толық сәйкес келеді. Жұмыс мазмұны «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және «Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» құжаттарында айқындалған мақсаттармен үндес. Диссертация көптілді білім беру саясатының әлеуметтік-лингвистикалық негіздерін ғылыми тұрғыда талдап, мемлекеттік тілдің әлеуетін арттыру мен тілдік теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған нақты тұжырымдар ұсынған. Осылайша тақырып қазіргі ғылыми және мемлекеттік басым бағыттарға толықтай сай келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын	

		жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Көптілді білім беруді әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан кешенді қарастыру қазақстандық әлеуметтік-лингвистиканың теориялық және қолданбалы негізін байыта алады. Зерттеу нәтижелері тіл мен қоғам өзара байланысының жаңа қырларын ашып, отандық тіл білімінде өңірлік көптілділік феноменін алғаш рет эмпирикалық деректер негізінде талдаумен ерекшеленеді. Атап айтқанда, негізгі ғылыми нәтижелер зерттеу барысында: - Қазақстанның батыс өңірінде көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық моделі жасалып, өңірлік тілдік ахуалдың ерекшеліктері анықталған; - мемлекеттік, ұлтаралық және халықаралық тілдердің (қазақ, орыс, ағылшын) әлеуметтік-коммуникативтік

			қызметі айқындалған; - «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының әлеуметтік, мәдени және когнитивтік қырлары сараланған; - көптілді білім беру саясаты мен тілдік тепе-теңдікті қамтамасыз етудің тиімді тетіктері негізделген; - көптілді тұлғаның тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуметтік шарттары мен механизмдері айқындалған. Бұл нәтижелер әлеуметтік-лингвистика мен білім беру тіл білімі салаларының дамуына елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмыс құрылымы, талдау қисыны және ғылыми тұжырымдары автордың өз ізденісі мен дербес ойлау қабілетін айқын көрсетеді. Әр бөлім мазмұны мен қорытындысы зерттеу мақсат-міндеттерімен өзара үйлескен. Бірінші бөлімде Қазақстандағы қостілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері теориялық тұрғыда талданып, табиғи және жасанды көптілділіктің белгілері анықталған. Көптілділік құбылысы әлеуметтік және коммуникативтік кеңістіктің дамуына ықпал ететін фактор ретінде қарастырылған. Бөлім қорытындысы – көптілділік ұлттық тіл саясатының стратегиялық негізі әрі әлеуметтік интеграцияның маңызды тетігі екенін дәлелдеген. Екінші бөлімде көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық негіздері айқындалып, мектеп пен жоғары оқу орындарындағы тілдік орта, тілдерді меңгеру үдерісінің ерекшеліктері жүйеленген.

			Зерттеуде көптілді білім берудің теориялық–әдіснамалық негіздері, халықаралық тәжірибе және ұлттық даму ерекшеліктері қарастырылған. Көптілді білім беру жүйесіндегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің әлеуметтік-функционалдық қызметі мен өзара байланысы сипатталған. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы тілдік саясаттың интеграциялық механизмі ретінде бағаланып, оның лингвомәдени және когнитивтік мәні айқындалған. Нәтижесінде көптілді тұлғаның қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік факторлар мен тілдік құзыреттілікті дамыту шарттары негізделген. Үшінші бөлімде Қазақстанның батыс өңірінде жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық сауалнамалардың нәтижелері сараланып, тілдердің әлеуметтік мәртебесі мен қолданылу деңгейі статистикалық тұрғыда дәлелденген. Жалпы алғанда, автор дербес зерттеу жүргізіп, алынған деректер негізінде нақты ғылыми тұжырымдар жасап, тәжірибелік ұсыныстар әзірлеген. Батыс өңірінде жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық сауалнамалар нәтижесінде өңір тұрғындарының тілдік репертуары, тілдік ұстанымдары мен коммуникативтік таңдауы анықталған. Зерттеу деректері қазақ тілінің өңір тұрғындары үшін этномәдени сәйкестіктің негізгі маркері ретінде қызмет ететінін, ал ағылшын тілінің кәсіби және инновациялық салада қолданылу аясының кеңейіп келе жатқанын дәлелдейді. Сауалнама мен статистикалық талдау нәтижелері бойынша өңірде тілдердің әлеуметтік мәртебесі, қолданылу аясы мен құндылықтық қабылдануы жіктелген. Қорытындысында
--	--	--	---

			көптілді білім берудің өңірлік моделі ұсынылып, тілдік саясатты оңтайландырудың тәжірибелік ұсыныстары жасалған. Үш бөлімнің нәтижелері өзара сабақтас, біртұтас ғылыми жүйе құрайды. Автор көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде қарастырып, теория мен тәжірибені ұштастырған. Диссертация мазмұны мақсат - міндеттерге толық сәйкес және ғылыми жаңалығы айқындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі қазіргі кездегі қоғам мен әлеуметтің өзгеру үрдісі мен даму үдерісіне сай негізделген. Соның ішінде диссертанттың көптілді білім берудің заман талабы мен қоғам қажеттілігі екендігін, оның енгізу үдерісі бірқатар әлеуметтік-лингвистикалық қайшылықтарды туындатып, «бір жағынан, ол мәдени және білім беру кеңістігінің дамуына серпін беретін маңызды фактор болып саналса, екінші жағынан, мемлекеттік тілдің қоғамдық беделіне, ана тілін меңгеру деңгейіне және сапалы білім алуға қолжетімділікке белгілі бір дәрежеде әсер етіп жатқаны» (8-9 б.) туралы қарама-қайшылықтарды анықтап, аталмыш құбылыста тілдік тепе-теңдіктің бұзылуы мен тілдік сәйкестіктің әлсіреуі сияқты мәселелердің бар екендігін көрсете отырып, Қазақстандағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігін көрсете отырып тақырып өзектілігін көрсеткенін атап өту керек. Зерттеу қазіргі білім беру кеңістігіндегі көптілділіктің әлеуметтік әсерін дәлелді түрде айқындаған. Диссертацияның өзектілігі қазіргі білім беру кеңістігіндегі тілдік саясат пен

			қоғамдағы көптілділіктің дамуына негізделген. Автор көптілді білім берудің қоғам дамуы мен ұлттық сәйкестікке әсерін жан-жақты талдап, тілдік тепе-теңдіктің бұзылуы, тілдік сәйкестіктің әлсіреуі сияқты әлеуметтік қайшылықтарды ғылыми негізде көрсеткен.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <u>1) айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Мазмұны тақырыпты толық айқындайды. Әр бөлім диссертация тақырыбының негізгі мәселелерін дәйекте түрде қарастырады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсат нақты айқындалған, міндеттермен толық үйлеседі және қисынды жүйемен жүзеге асқан.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Барлық бөлімдер логикалық байланысқан. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары өзара сабақтасып, бір жүйелі ғылыми тұтастық құрайды.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Сыни талдау бар. Автор отандық және шетелдік дереккөздерге сүйене отырып, бұрынғы ғылыми ұстанымдарды сын тұрғысынан саралаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық аспектілері алғаш рет Қазақстанның батыс өңірі материалдары негізінде кешенді түрде зерттелген; - Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің әлеуметтік-коммуникативтік өзара әрекеттесу моделі жасалған; - Көптілді білім берудің мемлекеттік тіл негізінде жүзеге асу тетіктері айқындалған; - Көптілді тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік, психологиялық және мәдени факторлардың өзара байланысы нақтыланған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан	Ғылыми нәтижелер мен қорытындылар толығымен жаңа, жаңалығы жоғары деңгейде және теориялық негіздемесі берік.

		кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Әлеуметтік-лингвистикалық шешімдер негізделген және инновациялық сипатқа ие.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, тұжырымдар нақты эмпирикалық, статистикалық және теориялық деректермен дәлелденген. 1800-ден астам респондент қатысқан сауалнамалар, әлеуметтік-лингвистикалық талдау, SPSS және Google Forms бағдарламалары арқылы сандық өңдеу нәтижелері көрсетілген. Теориялық және қолданбалы тұжырымдар ғылыми дәйектіліпен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма?	Барлық ережелер дәлелденген, тривиалды емес, жаңашыл сипатқа ие және қолдануы аясы кең. Қорғауға ұсынылған ережелер Scopus Q1, Q2 журналдарындағы мақалалар мен республикалық, халықаралық конференцияларда баяндалып, тәжірибелік және теориялық тұрғыдан негізделген.

		1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Әдіснама таңдауы негізделген. Автор әлеуметтік-лингвистикалық, салыстырмалы, статистикалық және сапалық талдау әдістерін кешенді қолданған.

	дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері заманауи компьютерлік технологияларымен өңделген. (SPSS Statistics, Google Forms Analytics).
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық тұжырымдар эмпирикалық зерттеулермен дәлелденген. Сонымен қатар, нәтижелер тәжірибелік зерттеулермен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған: қазақстандық ғалымдар Б.Х. Хасановтың (1976, 1987, 1989, 1990, 1992, 2006, 2013), А.Е. Карлинскийдің

			(2011), Э.Д. Сүлейменова (1989, 1992, 2002, 2005, 2011), Ш. Құрманбайұлы (2014), А.О. Тымболова (2009), С.Қ. Құлманов (2022), Б.Ж. Курманова (2001, 2002, 2023), А.Ш. Акжигитова (2013) С.С. Кенжемуратова (2018), А. Утегенова (2020, 2024), Н.Г. Шаймерденова (2002, 2005, 2016), О.Б. Алтынбекова (2006), Н.М. Жанпейісова және Ж.Т. Уталиева (2009), , С.Ж. Баяндина (2014), Қ.Т. Өтегенова (2014), А.М. Абасилов, С.А. Асанбаева (2015), және шетелдік әлеуметтік лингвистика саласының зерттеушілері U. Weinreich (1953), A. Martinet (1965, 1975), J. MacNamara (1967), E. Haugen (1972), Л.В. Щерба (1974), В.А. Аврорин (1975), R.T. Bell (1980), Jasone Cenoz, (2001, 2013), D. Zappatore (2003), C. Nitsch (2003), P. Auer (2008), L. Wei (2008, 2011), R. Franceschini (2009), D. Singleton (2011), Л.М. Хусаинова (2015), О.В. Легостаеваның (2014, 2015), C. Vallejo (2018).
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 148 әдебиет көзі пайдаланылып, барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпаратпен толықтырылған, диссертацияда 35 кесте, 12 сурет, 4 қосымша берілген, бұл жұмыстың аналитикалық негізін күшейтеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар;	Диссертацияның теориялық маңызы зор – ол әлеуметтік-лингвистика, психолингвистика және тіл саясаты теориясын дамытуға үлес қосады.

		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Практикалық тұрғыда зерттеу нәтижелері көптілді білім беру тәжірибесін жетілдіруде, оқу-әдістемелік құралдар дайындауда және тіл саясатын жүзеге асыруда қолдануға жарамды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған ғылыми-практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және тиімді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Мәтін ғылыми стильде, логикалық жағынан жүйелі, диссертациялық талаптарға сай рәсімделген. Терминология бірізді, мазмұндық байланыс пен тіл мәдениеті жоғары деңгейде сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Елеулі ескертулер жоқ. Тек алдағы жарияланымдарда өңірлік мәліметтерді кеңейтіп, көптілді білім беру динамикасын салыстырмалы тұрғыдан қарастыру ұсынылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында		Барлық жарияланымдар жоғары ғылыми деңгейде орындалған, соның ішінде Scopus Q1 және Q2 журналдарындағы мақалалар диссертацияның негізгі нәтижелерін толық қамтиды және зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңашылдығын дәлелдейді.

	қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Садулова Жайнагуль Кемаладиновнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Садулова Жайнагуль Кемаладиновнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Садулова Жайнагуль Кемаладиновнаның «Қазақстан Республикасында көпгілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері (батыс өңірі материалдары негізінде)» атты диссертациясына оң пікірімді берсе отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Рецензент:

Полное С. К. Кенжемуратова

Подпись

Место работы



(қолы, мөрі)

С.К. Кенжемуратова